

Магистрлердің жылдық жұмыс жоспарының 2023-2024 оқу жылындағы есебі

Мақсаттары:

Мектептегі әріптестеріңізге әдістемелік көмек көрсету, өз білімін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыстану арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру. Шығармашыл ұстаздарды командалық жұмысқа дағдыландыру. Мобильді, ізденімпаз, іскер болуға бағыттау.

Күтілетін нәтиже:

Мектеп мұғалімдері кәсіби шеберлікке, командалық жұмысқа бағытталады. Жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және ізденімпаз маман ретінде қалыптасады.

Шығармашыл ұстаздардың педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде дамиды, креативті, шығармашыл, мобильді маман ретінде қалыптасады. Білімді, мәдениетті, іскер маман ретінде білім кеңістігінде жаңалықтар еңгізуге, өз білімін жетілдіру қажеттілігін түсінеді, жұмыстанады.

Мектебіміздегі магистрлердің тізімі:

2023-2024 оқу жылының басында магистрлер мектебінің жұмыс жоспарын құрып, бекітілді. Ғылыми жоба – оқушының өздігінен зерттеу жүргізіп, нәтижесін дәлелді түрде ұсынуы. Бұл жұмыс оқушыны жоғары оқу орнына дайындаудың алғашқы сатысы ретінде қарастырылады. Оқушыларды ғылыми жобаға дайындау үрдісін сипаттайды және мектептерде, мұғалімдер мен ата-аналар үшін бағыт-бағдар бола алады.

Мақсаты: Оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылымға деген қызығушылығын арттыру. Оқушының қызығушылығына және деңгейіне сай тақырып таңдалады. Өзекті, жаңашыл және тәжірибе жүргізуге мүмкіндік беретін тақырыптар ұсынылады. Ғылыми жұмыстың құрылымы анықталады (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Мақсат, міндеттер мен болжамдар жазылады. Зерттеу әдістері таңдалады.

Ғылыми жетекші ретінде бағыт бере отырып, оқушыны өздігінен ізденуге ынталандырып, редакциялық және моральдық көмек көрсетілді. Оқушылардың ғылыми жобадан алған жетістіктері

№	Аты-жөні	Оқу орны	Ғылыми дәрежесі
1	Айзакова Алима Жолмуратовна	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті	Гуманитарлық ғылым магистрі
2	Даулетбай Сауле Серікқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	Педагогика ғылымдарының магистрі
3	Ғалламова Ақмарал Бекболатқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	Педагогика ғылымдарының магистрі

Магистрлер мектебінің жұмыс жоспарын құрып, бекітілді. Ғылыми жоба – оқушының өздігінен зерттеу жүргізіп, нәтижесін дәлелді түрде ұсынуы. Бұл жұмыс оқушыны жоғары оқу орнына дайындаудың алғашқы сатысы ретінде қарастырылады. Оқушыларды ғылыми жобаға дайындау үрдісін сипаттайды және мектептерде, мұғалімдер мен ата-аналар үшін бағыт-бағдар бола алады.

Мақсаты: Оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылымға деген қызығушылығын арттыру. Оқушының қызығушылығына және деңгейіне сай тақырып таңдалады. Өзекті, жаңашыл және тәжірибе жүргізуге мүмкіндік беретін тақырыптар ұсынылады. Ғылыми жұмыстың құрылымы анықталады (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Мақсат, міндеттер мен болжамдар жазылады. Зерттеу әдістері таңдалады.

Ғылыми жетекші ретінде бағыт бере отырып, оқушыны өздігінен ізденуге ынталандырып, редакциялық және моральдық көмек көрсетілді. Оқушылардың ғылыми жобадан алған жетістіктері

«Шебер-сынып», дөңгелек үстелдер, практикум, семинарлар, іскерлік ойындар ұйымдастыру мақсатында магистрлер әртүрлі шебер кластар мен дөңгелек үстелдерге қатысты. Іс-шаралар түрлері білім беру үдерісін жандандырып, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашады. Олар практикалық дағдыларды жетілдіруге, ой бөлісуге және өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.



«Өз шеберлігіңді шыңда» жас мамандарға арналған семинар-практикум

Мақсаты: Жас мамандардың ұстаздық қасиеттерінің қалыптасуына бағыт беру, кездесетін қиыншылықтардан, кедергілерден шығу жолдарын ұғынуға көмектесу, шығармашылыққа бағыт беру, қарым-қатынасты нығайту.

«Мен жасанды интеллектің» жаттығуы. Жас мамандар орта тұрған жасанды интеллекті сәйкестендіру арқылы сыйлық алады. Осы жасанды интеллекттер туралы ақпарат алады.



Топтық жұмыс

«Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығу» жасалып, Кері байланыс: «Шырақ» әдісі арқылы барлық қатысушы шырақтарын жағып өздерінің тілектерін, лебіздерін білдіріп, семинар-практикумнан алған әсерлерімен бөлісті.



Дирек тордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары

Г.М.Сатыбалдина